



Сыр бойы

№107 (21182) 23 шілде, бейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

/// САПАР

ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ДАМУ АУЫЛДАН БАСТАЛАДЫ

Ауыл – алтын бесік. Ал ондағы тіршілік сапасын жақсартпай, жалпыұлттық даму қиын. Мемлекет басшысы осындай талап үдесінен шығуды міндеттеп отыр. Кейінгі жылдары өңірдегі ауылдарға түрлі мақсатта жасалған қолдау нәтиже көрсете бастады. Өсіресе инфрақұрылымның дамуы серпін әкелді. Әлеуметтік нысандардың игілікке берілуі де ауыл тынысын көңейткені рас.

Кеше облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың Қазалы ауданына жұмыс сапарында жаңа ғимараттар пайдалануға берілді. Облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов пен ел ағалары игі шаралардың қуанышын бөлісті. Алдымен Қожабақы ауылындағы жаңа дене-шынықтыру-сауықтыру кешені ашылды.

Салтанатты шарда аймақ басшысы тұрғындарды құттықтап, елді мекендерде кәсіби және бұқаралық спортты дамытудың маңыздылығын атап өтті.

– Бір күнде 100 адамды қабылдауға болатын заманауи кешенде бокс, грек-рим күресі, волейбол, футбол және баскетбол сынды спорт түрлерімен айналысуға болады. Бұл ауыл жастарының бұқаралық спортпен тұрақты шұғылдануына, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, болашақ чемпиондарды тәрбиелеуге жол ашады деп сенемін.

Алдағы уақытта да халқымыздың игілігіне, тұрғындарымыздың жайлы тұрмыс-тіршілігіне,

жастарымыздың жарқын болашағына бағытталған жаңа жобаларымыз жалғаса береді, – деді облыс әкімі.

Шарада еңбек ардагері Тілек Махамаш сөз сөйледі.

Айта кетейік, Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен 2022 жылдан бері өңірде 200-ден астам әлеуметтік нысан бой көтерді. Оның 27-сі – спорт кешені. Бұдан бөлек, Қызылорда қаласында 11 мың орындық «Қайсар Арена» стадионы, «Теннис орталығы», Инклюзивті спорт кешені пайдалануға берілді.

«Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қолдауымен Шиеді, Жалағаш аудандарында жаңа спорт кешендері ашылды. Жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен 80 спорт-ойын алаңы салынды. Бүгінде облыс орталығында «Қызылорда Арена» көпбейінді спорт кешенінің, «Қайсар» футбол клубы академиясының құрылысы қарқын алды.

2-бет



Суреттер: түсірген Бағдат ЕСЖАНОВ

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ЕНДІГІ МІНДЕТ – ЖӨНДЕУДЕН ӨНДЕУГЕ КӨШУ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында автокөлік жасау саласын дамыту мәселелері талқыланды. Оған облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейінгі мәжілісте аймақ басшысы өңірдің автомобиль жасау өндірісіндегі бастамалар мен мәселелерге тоқталды.

Мемлекет басшысы өңдеу өнеркәсібін дамыту, оның ішінде отандық машина жасау саласын қолдау жөнінде нақты міндеттер қойған болатын.

2-бет

/// БӘРЕКЕЛДІ!

БІЛІМ БӘЙГЕСІНДЕГІ ОЗЫҚ ЖЕТІСТІК

Қызылорда облысының білім саласы тағы да көш басынан көрінді. 2026 жылғы Ұлттық бірыңғай тестілеуде түлектеріміздің орташа балы 74,90 болып, өңіріміз республикада үшінші жыл қатарынан I орыннан көрінді.

Оқушыларымыздың одан да бөлек жетістігі бір төбе. Облыстық білім басқармасының хабарлауынша, 2026 жылғы 30 сәуір мен 20 мамыр аралығында өткен білім ауышлар жетістігінің мониторингтік зерттеуіне аймақ бойынша 88 жалпы орта білім беру ұйымынан 5546 оқушы қатысты. Қорытындысында республика бойынша 4-сынып оқушылары III, 9-сынып оқушылары II орынды иеленді.

«Білім сапасын бағалау нәтижесі – өңіріміздің білім беру саласында жүргізіліп жатқан жүйелі жұмыстың, педагогтеріміздің кәсіби еңбегінің және оқушылардың үздіксіз ізденісінің нақты көрінісі. Кейінгі жылдары аймақтың білім саласына Мемлекет басшысының, Үкіметтің және қазіргі ҚР Премьер-

министрінің бірінші орынбасары Нұрлыбек Машбекұлының облыс әкімі кезіндегі ерекше қолдауының арқасында мектептерде білім сапасын арттыруға бағытталған жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді. Бұл – сондай-ақ педагогтердің кәсіби шеберлігінің, оқушылардың табанды ізденісі мен ата-аналар қолдауының ортақ жемісі. Алдағы уақытта да әрбір баланың сапалы білім алып, өз қабілетін толық ашуына жағдай жасау – облыстық білім басқармасының басты міндеті болып қала береді. Осындай жоғары нәтижеге үлес қосқан педагогтерге, білім беру ұйымдарының басшыларына, оқушыларға, ата-аналарға шынайы алғысымызды білдіреміз» делінген хабарламада.

«СБ» ақпарат



Фото ашық дереккөзден

/// САРАП

ФУТБОЛ: ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНА АПАРАР ЖОЛ ҚАЙСЫ?

Өзбекстан құрамасының 2026 жылғы Әлем чемпионатына алғаш рет жолдама алуы Орталық Азия футболындағы тарихи жеңіні өзгертті. Аймақ елдері үшін алыстағы арман болып көрінген мундиальға көрші мемлекет нақты жүйе мен шешуші сәттегі тұрақтылық арқылы жетуге болатынын көрсетті. Бұл жетістік Қазақстандағы ең ауыр сұрақты қайта алға шығарды: біз неге әлі күнге дейін Әлем чемпионатына бара алмай жүрміз?

Қазақстанның УЕФА-да ойнауы да, Азиядағы квотаның өсуі де маңызды. Бірақ мәселені географияға тіреп қою ішкі кемшіліктерді жасырады. Өзбекстан берілген мүмкіндікті пайдаланды, ал Қазақстан Еуропадағы күрделі бәсекеге дайын жүйе қалыптастыра алмады.

БІР ҚҰРЛЫҚ, ЕКІ МҮМКІНДІК

2026 жылғы Әлем чемпионаты 48 құрамаға дейін кеңейіп, Азияға сегіз тікелей жолдама және құрлықаралық плей-оффқа тағы бір орын берілді. УЕФА 16 жолдама иеленді. Сан жағынан Еуропаның үлесі үлкен болғанымен, бәсекенің салмағы бөлек. Азиядағы орта деңгейлі елдердің жолдамаға таласу мүмкіндігі кеңірек болды. Қазақстандық футбол сарапшысы Сұнғат Максұтов конфедерациялық айыр-машылықты негізгі себептердің бірі деп санайды.

– Қазақстан УЕФА-да ойнайды. Мұнда бәсеке орасан және әлсіз қарсылас аз. Біз Бельгия, Уэльс секілді құрамалармен кездесеміз. Өзбекстанның тобында Ираннан бөлек, БАӘ, Катар, Қырғызстан және КХДР болды. Өзбекстан футболшыларының деңгейі мұндай қарсыластардан жоғары тұруға жеткілікті еді, – дейді ол.

Өзбекстан 2025 жылғы маусымда Абу-Дабида БАӘ-мен тең ойнап, жолдаманы мерзімінен бұрын қамтамасыз етті. Команда тікелей бәсекелестерінен тұрақты ұпай алып, Ираннан кейінгі екінші орынды иеленді.

Қазақстан Бельгия, Уэльс, Солтүстік Македония және Лихтенштейнмен бір топта сегіз ұпай жинап, төртінші орынмен шектелді. Бельгия тікелей жолдама алды, Уэльс екінші болды, Солтүстік Македония Ұлттар лигасы арқылы плей-оффқа өтті. Қазақстанның артында тек Лихтенштейн қалды.

Демек, мәселе Бельгияны басып озбауда емес. Қазақстан Уэльс пен Солтүстік Македония деңгейіндегі командалармен тұрақты таласа алмады. Жолдама үшін өзімізнен шамалас қарсыластардан жүйелі ұпай жинау қажет.



4-бет

/// МЕЗГІЛ МІНЕЗІ

КОММУНАЛДЫҚ САЛАҒА НЕГЕ СЫН КӨБЕЙДІ?

Өткен аптадағы аптап ыстық Қызылорда қаласының коммуналдық қызметі үшін үлкен сын болғаны рас. Әлеуметтік желіде біресе «жарық өшті», біресе «су ақпай тұр» деген сынға шағым жипіледі. Бұл екі саланың өзіне тән мәселесі жетерлік, оны шешуге ұмытылыс барын да айтуға тиіспіз.

Аптап кезінде Қызылорда қаласында электр желілері мен қосалқы станцияларына шамадан тыс күш түсті. Қалыпты жағдайда қажеттілік 92 МВт болса, аномальді ыстықта бұл көрсеткіш 32%-ға артты.

– Қалада көптеген жаңа нысан салынып, аумағы жыл сайын ұлғайып келеді. Қызылордада 240 мегаватттық жылу-электр станциясы іске қосылғанын білесіздер. Бүгінде ол өндірілген қуатты 220 кВ электр желісіне береді.

3-бет

КЕЛЕСІ САНДА

ҚЫЗЫЛҚҰМ ҚОЙНАУЫНДА ҚОЙ ӨРУШІ ЕДІ



Фото ашық дереккөзден

Валюта бағамы:

\$ 469,59 kzt

€ 536,22 kzt

₸ 5,96 kzt

Ауа райы:

Бейсенбі

+31°

+20°

Жұма

+32°

+21°

ЕНДІГІ МІНДЕТ – ЖӨНДЕУДЕН ӨНДЕУГЕ КӨШУ

Өңірде толық циклді автомобиль шығаратын кәсіпорын болмаса да, жүк вагондарын жөндеу және косалқы бөлшектер өндіруде тиісті жұмыс өз деңгейінде атқарылуда. Мәселен, сала кәсіпорындары бірінші жартыжылдықта 12 млрд теңгеге қызмет көрсетіп, негізгі өсім 9,9 пайыз болған.

– Келесі міндетіміз – жөндеу жұмыстарынан өнеркәсіптік өндіріс деңгейіне көшу. Бұл бағытта Қызылорда қаласындағы «Марал-Нұр» серіктестігінің вагон жөндеу, заманауи жолаушылар вагондарын құрастыру жобасы кезең-кезеңімен сәтті жүзеге асып жатыр. Сонымен қатар, Арал ауданында «Дара Мото» инвестициялық жобасы аясында өңірімізде алғаш рет мотоцикл және мопед құрастырылуда. Бұл экономиканы әртартпандыруға және экспорттық әлеуетті арттыруға оң ықпал етеді.

Салаға қажетті кадрлар Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті мен И.Әбдікәрімов атындағы аграрлық-техникалық колледжінде даярлануда. Кейінгі екі жылда 200 студент білім алып, көлік, логистика, техникалық қызмет көрсету және теміржол саласындағы кәсіпорындарда еңбек етіп жүр. Жауапты басқармаға, қала және аудан әкімдіктеріне жаңа инвестициялық жобалар тартуды, кәсіпорындардың өндірістік жүктемесіне тұрақты мониторинг жүргізуді және өнім көлемін ұлғайтуды тапсырамын, – деді аймақ басшысы.

Жиында дала өртінің алдын алу мәселесі де талқыланды. Орман және дала өрттерінің басым көпшілігі адамдардың немқұрайлық әрекеттерінен, қауіпсіздік ережелерін сақтамауынан туындайды. Өңірдің құрғақ және желді климатын ескерсек, дала өрттерінің пайда болу, тез таралу қаупі аса жоғары. Осы жылдың 6 айында 24 өрт тіркелген. Облыс әкімі қауіпсіздік шараларын күшейтуді ескертті.

Сонымен қатар қала және аудандардағы байланыс сапасын арттыру, цифрлық инфрақұрылымды дамыту, ветеринария саласында статистикалық дереккор жүйесін қалпына келтіру, хаттамалық тапсырмаларды уақытылы орындау тапсырылды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

1-бет

ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ДАМУ АУЫЛДАН БАСТАЛАДЫ



Облыс әкімі Қазалы ауданына жұмыс сапары кезінде Ақтан батыр, Жанқожа батыр, Бекарыстан би, Майдакөл және У.Түктібаев ауылдарының тұрғындарымен кездесті.

Кездесуге жиналған жұртшылық ұсыныс-пікірлерін айтып, әлеуметтік, инфрақұрылымдық жобалар туралы сауалдарын қойды.

Мұнан кейін аймақ басшысы Әйтеке би кентінде бой көтерген жаңа денешынықтыру-сауықтыру кешенінің ашылу рәсіміне қатысты.

– Бүгінде өңірімізде Мемлекет басшысының қолдауымен ауылды дамыту, аймақтардың әлеуетін арттыру, тұрғындардың өмір сапасын

жақсарту, кәсіби және бұқаралық спортты дамыту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылып келеді. Міне, өздеріңізбен бірге Әйтеке би кентіндегі кезекті денешынықтыру-сауықтыру кешенінің ашылу рәсіміне куә болып тұрмыз.

Мұнда қазақ күресі, үстел теннисі, волейбол, футбол, гандбол, баскетбол, дзюдо сынды спорт түрлерімен айналысуға барлық жағдай жасалған. Нысанда бір күнде 150 спортшы жаттыға алады.

Жаңа спорт кешені дені сау ұлт қалыптастыруға қызмет етіп, осында жаттығушылар арасынан әлемдік арена-ларда Тәуелсіз Қазақстанның көк Туын көктежелірететін чемпиондар шығады деп сенеміз, – деді аймақ басшысы.

Шарада ҚР спорт шебері, бокстан жастар мен жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионы Зарина Толыбай,

еңбек ардагері Әлімбай Қасқырбай сөз сөйлеп, ел ағасы Самұрат Имандосов бата берді.

Қазалы ауданында ашылған бұл спорт кешендері «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасымен салынған. Екі іс-шарада да ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан азаматтар, спорт кешенін салған мердігер мекеме өкілдері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Жыл басында Қазалы ауданының Бекарыстан би ауылында да дене-шынықтыру-сауықтыру кешені ашылған болатын. Жалпы ауданда спортпен шұғылданушылар саны 35 мыңнан асады. Спортшылар халықаралық турнирлерден 3 алтын, 7 күміс, 6 қола медаль, Қазақстан чемпионаттарынан 14 алтын, 19 күміс, 27 қола жүлде иеленді.

«СБ» ақпарат

/// БРИФИНГ

БАЙҚОҢЫР, «БӘЙТЕРЕК» hәм БОЛАШАҚ

Қазақстан мен Ресей «Байқоңыр» кешенінің жетпіс жылдан астам тарихында биыл алғашқы ғарыштық жобасын жүзеге асырды. 30 сәуір күні жаңа «Союз-5/Суңқар» зымыран тасығышы ұшырылып, бастама сәтті өтті. Бұл – «Бәйтерек» ғарыш-зымыран кешені жобасының өміршеңдігін дәлелдеген тарихи белес. Айтулы оқиға «Байқоңырдың» әлемдік ғарыш айлағы ретіндегі стратегиялық маңызын сақтап қана қоймай, оның дамуына серпін береді.

Облыс әкімінің орынбасары, ҚР Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі Қайрат Нұртайдың айтуынша, екіжақты келісімге сәйкес қазақстандық тарап жерүсті технологиялық инфрақұрылымды құруға және жаңғыртуға, Ресей жағы жаңа зымыран тасығышты әзірлеуге жауапты. Жоба құны – 90 млрд 795 млн теңге.

– Экономикалық және техникалық себептерге байланысты жобаны іске асыру мерзімі бірнеше рет кейінге шегерілген болатын. Соған қарамастан Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолдауының арқасында «Бәйтерек» жобасы бүгінде табысты жүзеге асырылуда. Қазіргі уақытта жоба аясында 260 жергілікті тұрғын жұмыспен қамтылған. Сонымен қатар жоғары білікті мамандар даярланып жатыр, – деді ол.

Байқоңырда тұратын 53 мыңнан астам тұрғынның 71,6 пайызы – Қазақстан Республикасының азаматтары. 10 мыңға жуық отандасымыз ғарыш саласы кәсіпорындарында және Байқоңыр қаласының әкімшілігіне қарасты мекемелерде еңбек етеді. Ал қазақстандық мемлекеттік мекемелер мен ұйымдарда 2,5 мыңға жуық адам жұмыс істеп жүр. Қала әкімшілігіне қарасты мекемелердегі ең төменгі айлық жалақы 37930 рубль екен. Ұлттық валютамызға шаққанда бұл 223 мың теңгеден жоғары. Жұлдызды қалашықта жұмыссыздық деңгейі – 1,3 пайыз. Жыл басынан бері 195 адам екі қолға бір күрек тауып, 45 адам «Бастау Бизнес» жобасы аясында кәсіпкерлік негіздерін меңгерді. 50-ге тарта адам жұмыспен қамтудың белсенді шараларына, оның ішінде әлеуметтік жұмыс орындары, жастар практикасы, қоғамдық жұмыс пен «Күміс жас» жобасына тартылды.

Мемлекетаралық келісімге сәйкес Байқоңыр қаласында қазақстандық және ресейлік медициналық ұйымдар қызмет көрсетеді. Көпбейінді аурухана 10 жылдан бері 39 мыңға жуық тұрғынның саулығына үлес қосып келеді. Емдеу ұйымының материалдық-техникалық базасы кезең-кезеңімен жаңартылу үстінде.

Ал 11 мектептің 6-уы қазақстандық білім беру стандарты бойынша оқытады. Қаладағы барлық мектепте 7390 оқушы білім алып жүр. 2484 бала Ресей Федерациясының мектептерінде оқыса, оның 698-і – Қазақстан Республикасының азаматтары. Ал қазақстандық мектептерде білім алушылар саны – 4906. Осы орайда «көрсі елдің бағдарламасымен оқыған отандастарымыз ҰБТ-ға еш қиындықсыз қатыса ала ма?» деген сұрақ туындайды. ҚР Президентінің арнаулы өкілі Қайрат Нұртай мұның еш қиындығы және кедергі жоқ екенін алға тартты.

– Ресейлік стандартқа сай білім алған қазақстандық мектеп түлектері ҰБТ-ға қалауынша қатыса алады. 2023 жылғы Үкіметаралық шешіммен екі елдің министрлігі келісімге келген болатын. Келісім



барысында Қазақстан тарихы, қазақ тілі мен қазақ әдебиетін қосымша пән ретінде өту туралы ұсыныс мақұлданды. Мектеп бітіретін балалар бұл пәндерді қажеттілігіне қарай меңгереді, яғни оларға таңдау еркіндігі берілген, – деді ол.

2022 жылы қалада қазақстандық стандарт бойынша жалғыз мемлекеттік балабақша жұмыс істеген болатын. Кейінгі жылдары мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының саны едәуір артып, 6-ға жетті. Биыл наурызда отандық білім беру стандартына сай 180 орынға арналған мемлекеттік бөбекжай-балабақша пайдалануға берілді. Қазіргі күні жауаптылар қала әкімшілігінен ресейлік мектеп ғимаратын жалдан шығару арқылы жаңа білім ошағын ашуудың қамымен жүр. Ол алдағы оқу жылынан бастап қазақстандық бағдарламамен білім беру бастайды.

Спорттық жанына серік еткендер қатары көбейген сайын спорт нысандарының санын арттыру қажеттілігі туындайды. Осыған орай Байқоңырда спорт инфрақұрылымын кеңейту бағытында жұмыс атқарылып жатыр. Былтыр денешынықтыру-сауықтыру кешенін салу, оның базасында қазақстандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебін ашу туралы шешім қабылданған еді. Сол кешеннің құрылысы жақын күндері аяқталып, пайдалануға берілмек.

Байқоңырдың жайын айтқанда оған жапсарлас екі елді мекен – Торетам мен Ақайды айналып өте алмаймыз. Көлік инфрақұрылымын дамыту, тұрғындардың қауіпсіз әрі қолайлы қозғалысын қамтамасыз ету мақсатында Торетам кенті мен Ақай ауылдық округін байланыстыратын ұзындығы 5,25 шақырым аралма автомобиль жолы толық жөнделіп жатыр. Жұмыстың біраз бөлігі артта қалды, мердігер

енді 500 метр жол жиегіне қиыршық тас төсеп, жол белгілерін орнатып, теміржол өткеліне резиналық жабынды салуға тиіс. Бұл жұмыс жоспарға сәйкес тамыз айында аяқталады.

– Қала тіршілігінің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге және тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған ұзақмерзімді бағдарлама бар. Бағдарлама аясында қаладағы тұрғын үй мәселесін шешу бағытында жүйелі жұмыс жүріп жатыр. 2019 жылы Қызылорда облысының әкімдігі «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында 50 пәтерлі 5 тұрғын үйдің құрылысын аяқтады. Жобаның жалпы құны – 2 млрд 110 млн теңге. Соның нәтижесінде қалада жаңа шағын аудан пайда болды. Осы жұмыстың жалғасы ретінде биыл қаңтар айында аталған шағын ауданда тағы 50 пәтерлі 5 тұрғын үйдің құрылысы аяқталды, тұрғындарға пәтер кілттері табысталды, – деді Қайрат Нұртай.

Қала мен ғарыш айлағын біріктіретін, әлемде теңдесі жоқ бірегей кешенді көруге келетіндер саны жылдан-жылға артып келеді. Бұл – «Байқоңырдың» туристік әлеуетін әлі де аша түсу керек деген сөз. Осы орайда «Гагарин старты», «Гагаринский беседка» мемориалды кешені, динамикалық сынақ стенді, «Энергия-Буран» монтаждау-отын құю кешені сияқты бірқатар нысан ресейлік тараптың жалдауынан шығарылып, жаңа туристік бағыттарға қосылды.

– 2024 жылдың желтоқсан айында ғарыш айлағында алғаш рет ұлттық нақышта киіз үй үлгісінде салынған қазақстандық заманауи бақылау пункті пайдалануға берілді. Қазіргі уақытта «Инфракос» кәсіпорны 30-ға жуық туюрператормен ынтымдастық орнатқан. Сонымен қатар облыс әкімдігі мен Аэроғарыш комитетінің бірлескен жұмысы нәтижесінде Қазақстан-Ресей үкіметаралық комиссиясының 2025 жылғы 11-отырысында ғарыш айлағының туристік нысандарына кіруге рұқсат рәсімдеу мерзімін қысқарту туралы шешім қабылданды. Осыған сәйкес рұқсат алу мерзімі шетел азаматтары үшін 55 күннен 10 күнге дейін, ал Қазақстан азаматтары үшін 5 күнге дейін қысқарды, – деді спикер.

Өңірлік туризмді дамыту бағытында оқушылар, студенттер мен ардагерлер үшін ғарыш кемелерін ұшыру сәтін тамашалауға арналған арнайы туристік сапар ұйымдастырылып тұрлады.

Сөздің ынағый келгенде «Байқоңыр» кешеніндегі ҚР Президентінің арнаулы өкілінен жақын арада ғарышқа қазақстандық ұшуы мүмкін бе, жоқ па, соны сұралды. Оның айтуынша, ғарышқа өз өкілін жіберу – мемлекет үшін, қазақ елі үшін үлкен мақтаныш. Бұл ретте біз аспан әлеміне сапар шегіп, ғылыми зерттеу жүргізген Қазақстанның үш өкілі – Токтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев және Айдын Айымбетовпен мақтанамыз. Алайда ендігі ғарышкердің есімі әзірге белгісіз.

– Қазіргі кезде жүргізіліп жатқан, жоспарланып отырған ғылыми зерттеулер үшін ұшыруға болар еді. Дегенмен, әзірге «ғарышкер дайындалып жатыр, осындай уақытта ұшады» деп айтуға әлі ерте, – деді ол.

Нәзерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»

Аудан жаңалықтары



ТАСЫМАП ҚЫЗМЕТІ ТЕКСЕРІЛДІ

Жолаушылар қызметінің сапасын бақылау үшін қала әкімі Нұржан Ахатов бірнеше маршруттағы автобустарға мініп, қоғамдық көліктердің тазалығын, жүру жиілігін бағамдап, тұрғындармен пікірлесті.

Қазіргі таңда қалаішілік барлық бағыттағы автобустар күннің шамадан тыс ыстық болуына қарамастан штаттық режимде қызмет көрсетуде. Күнделікті рейске шығатын маршруттар салоны тазаланып, дезинфекциядан өткізіледі. Сондай-ақ техникалық жағдайы тексеріліп, жүру жиілігі диспетчер арқылы қадағаланып отырады.

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ПЫСЫҚТАЛДЫ

Аудан әкімдігінде аппарат мәжілісі өтіп, күн тәртібінде Үкімет отырысында берілген тапсырмалардың орындалуы, әлеуметтік саладағы өзекті мәселелер және алдағы жоспарлар пысықталды.

Мәжілісте аудан әкімінің орынбасары Еркін Әбішев «Тоғыс-Аралотын» ЖШС-ның мотоцикл құрастыру зауыты ауданның инвестициялық әлеуетін арттыруға және жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік беретін маңызды жоба екенін атап өтті. Жауапты бөлімге өңірде өндірістік жобаларды көбейту, инвестиция тарту және экспорттық әлеуетті арттыру бағытындағы жұмыстарды күшейту жүктелді.

«ҚАРЛАНЫҢ» ҚҰРЫЛЫСЫ

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов сала басшыларымен бірге «Қарлан» көпірінің құрылыс алаңына барып, жұмыс барысын көрді.

Жалпы құны 6 млрд 746 млн теңгені құрайтын жоба Сырдария өзені арқылы өтетін көпір құрылысын қамтиды. Оның жалпы ұзындығы – 2,5 шақырым. Соның ішінде көпірдің ұзындығы 248,29 метрді, ал кірме жолдың ұзындығы 2,3 шақырымды құрайды.

Қазіргі таңда мердігер «НұрлыТау ЛТД» серіктестігінің құрылысшылары көпірдің негізгі тірек бөліктерін орнату және бетон трюелерін құю жұмыстарын жүргізуде. Жоспарланған 84 дана свай қағу жұмыстары толық аяқталған. Сондай-ақ 8 трюудің 6-уы толық орнатылған. Көпірдің кірме жолдарына топырақ төсеу жұмыстары жүргізілуде.

ЖОЛ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ДАМУЫ ҚАРАЛДЫ

Аудан әкімі Жандос Еркінбектің төрағалығымен өткен мәжілісте автомобиль жолдарын дамыту, жолаушылар тасымалын ұйымдастыру, дала өртінің алдын алу шаралары және мемлекеттік рәміздерді пайдалану тәртібі жан-жақты қаралды.

«Торетам-Ақай» айналма жолы, Жосалы кенті мен Ақсар ауылдық округіндегі күрделі жөндеу жұмыстары мен жол инфрақұрылымына қатысты жауапты бөлімдерге тапсырма берілді. Сондай-ақ «Жалағаш-Жосалы» автожолы бойындағы теміржол арқылы өтетін көпірге күрделі жөндеу жұмыстары жүруіне байланысты, Қызылтам елді мекені мен көпір аралығындағы уақытша топырақты айналма жолға тас төсеу қарекетін жедел аяқтау міндеттелді.

СПАРТАКИАДА ЧЕМПИОНЫН КАБЫЛДАДЫ

Аудан әкімі Ардақ Ибраимов мемлекеттік қызметшілер арасында өткен республикалық спартакиадада қазақ күресінен I орын иеленген аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің басшысы Жайдарбай Есеновті қабылдады.

Ауданның мемлекеттік қызметшілерінен құралған команда облыс әкімінің жүлделес арналған облыстық спартакиадада екі жыл қатарынан I орын иеленіп, чемпион атанған.

АСПАН АСТЫНДАҒЫ КЕШ

Сәкен Сейфуллин ауылында ашық аспан астында акустикалық кеш ұйымдастырылып, тұрғындарға ерекше рухани әсер сыйлады. Жаздың жайма-шауақ кешінде өткен мәдени шара ән мен өуенді қадірлейтін көпшілікке көтеріңкі көңіл күй сыйлап, ұлттық өнердің құндылығын айықтай түсті.

Кеш барысында жанды дауыста әсем ән шыркылып, акустикалық форматтағы музыкалық шығармалар орындалды. Кеш соңында тұрғындар өнерпаздарға ризашылықтарын білдіріп, тағылымды әрі мазмұнды мәдени шаралардың алдағы уақытта да жалғасуына тілектестік білдірді.

АБАТТАНДЫРУ ЖҰМЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ

Аудан әкімі Айтбай Жандарбеков «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарының барысын тағы бір пысықтады.

Кент аумағындағы орталық көшелердің тазалығы, санитарлық жағдайы, кәсіпкерлік нысандардың сыртқы келбеті, гүлзарлар мен демалыс орындарын күтіп-ұстау, сондай-ақ ирригациялық және аяқсу жүйелерінің жай-күйі назарға алынды.

Аудан әкімі көркейт-қоғалдандыру жұмыстарының сапалы әрі уақытылы орындалуын талап етіп, жауапты сала басшыларына тапсырма жүктелді.

КҮН-ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫ САЛЫНУДА

Жаңақорған кентінде күн-электр станциясының құрылысы қарқынды жүргізілуде. «VIGOR Holding» ЖШС жүзеге асырып жатқан жоба – өңірдің энергетикалық әлеуетін арттыруға бағытталған маңызды инвестициялық бастамалардың бірі.

Аудан әкімі Ғалымжан Жарқынбек құрылыс алаңына барды. Жоба бойынша 50 гектарға жуық аумақта заманауи күн-электр станциясы салынууда. Құрылыс-монтаж жұмыстары бекітілген жоспарға сәйкес жүргізіліп жатыр. Нысанды пайдалануға беру 2026 жылдың желтоқсан айына жоспарланған.

Күн-электр станциясының іске қосылуы өңірде жаңартылатын энергия көздерін дамытуға, экологиялық таза электр энергиясын өндіру көлемін ұлғайтуға, инвестиция тартуға және ауданның энергетикалық қауіпсіздігін нығайтуға ықпал етеді.

Дайындаған Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

АБЫРОЙЛЫ АЗАМАТ

Белгілі журналист, өзіммен аралас-құралас, тонның ішкі бауындай сырлас, әріптес ініміз Пахмаддин бүгінде үш жиырма бестің белесіне шығып, қадірменді қария атанды. Әрине, сеніммен сертке жету, азамат атын жоғары қойып, өзгеге үлгі-өнеге көрсету оңай шаруа емес. Осы жолда еңбектену, іздену, тапсырылған іске деген жауапкершілік, өз міндетіне деген зор сүйіспеншілік қажет.

Мен білетін, елу жылдың көлемінде танысып, біркідей сыйласып, аға мен інідей үзбей араласып жүрген каламдас әріптесім Пахмаддин Айнақожаев сөз қадірін түсімейтін қарияға айналды.

Енді Пахмаддинның өмір жолы, атқарған қызметіне аз-кем тоқтала кетсек. Ол 1951 жылы шілдеде Жаңақорған топырағында дүниеге келген.

Еңбек жолын 1968 жылы аудандық баспаханада линотипист-наладчик болудан бастаған. Бұл кеңестік дәуірдегі газет шығаруда, әріп теруде ең маңызды жұмыстың бірі болатын. Ол бүгінгідей техниканың жетілмеген кезі.

Елгезек, жазу-сызуға бейім, талап иесі Пахмаддин газеттің корректоры, еңбекші хаттар мен ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі, газет редакторының орынбасары қызметтерін атқарды. Газеттің жұмыс жоспары, жазу мәнері, хабарлары мен мәліметтері қысқа әрі нұсқа болатын. Өйткені партияның талабы, тапсырмасы солай. Аудандағы мың-сан жұмыстың жетістігі мен кемшілігін жариялап, оның қорытындысын

бақылау, сынға жауап алу газет қаламгерлерінің міндеті еді. Осындай жұмыстың ортасында кайнап, төселген ол мол тәжірибе жинады. Баспахананың директоры болған тұста әріп терушілердің, газет басушылардың, баспахананың материалдық жағдайын тұрақтандыруға күш салды.

Еңбегімен көрінген соң ДОСААФ комитетінің төрағасы қызметіне жоғарылады. Одан әрі аудандық партия комитетінің ұйт-насихат бөлімінде нұсқаушы, егемендік алғаннан кейін аудандық әкімшілікте ұлтаралық қатынастар комитетінің төрағасы, ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі, ұйымдастыру-бақылау бөлімінің бас маманы, баспасөз хатшысы қызметтерін абыроймен атқарды.

Кенестік кезеңде үгіт-насихат бөлімінің негізгі міндеттері бұқара арасындағы үгіт-насихат, саяси-көпшілік, экономикалық оқулар секілді қолмен ұстай алмайтын қылдай нәзік жұмыстар еді. Мереке сайын көшелер мен мекемелерге ілінетін лозунг пен шақырулардың өзі бір бөлімге жүк болатын.

Қабілет-қарымы мен тындырым-



дылығының арқасында ол ауданның қоғамдық-саяси өміріне белсене араласты. Ұйымдастырушылық қабілетімен танылып, әрбір тапсырманы тиянақты орындады. Адал еңбектің, абыройлы ісінің нәтижесінде басшылықтың құрметімен 2015 жылы зейнет демалысына шықты.

Онан кейін де қоғамдық жұмыстан қол үзбей келеді. Бүгінде аудандық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары, «Ардагерлер мерейі» газетінің бас редакторы. Кәсіби журналист болғандықтан газеттің жоғары мазмұнда, уақытылы шығарылуына, ардагерлерге жеткізілуіне күш

салады. Орынбасар ретінде ардагерлердің жер-жердегі бастауыш ұйымдарына практикалық көмек көрсетіп, заңды құқықтарын қорғау жолында да тынбай ізденеді. Аудандық ұйымның жұмысын үйлестіру, пленум, алқа, конференция материалдарын дайындау да міндетінің бірі.

Қаламгердің жанакорғандық И.Әбдікәрімов, С.Шаумаханов, С.Даллабаев, Қ.Қалмырзаев, Б.Шомаманов сынды тұлғалар туралы жазған материалдары кезінде жылы қабылданды. Ол бірнеше кітаптың редакторы. Әңгімелері мен эсселері республикалық, облыстық басылымдарда жарық көрген.

Пахмаддин Айнақожаев – ҚазГҰ-дің түлегі, ҚР Журналистер одағының мүшесі. Баспасөз саласындағы қажырлы еңбегі үшін бірнеше марапатқа ие болған.

Жаңақорған ауданының құрметті азаматы Пахмаддин Айнақожаев жуырда Қазақстанның құрметті журналисі атанды.

Өмірлік жары Ұлтуғар Қашқыновамен отау құрғанына биыл 50 жыл болып отыр. 6 ұл – қыз тәрбиелеген. Бәрі де жоғары білімді, әр салада еңбек етуде.

Файзулла САХИЕВ,
ақын, Қазақстан
Журналистер
одағының мүшесі,
Жаңақорған ауданының
құрметті азаматы

КОММУНАЛДЫҚ САЛАҒА НЕГЕСЫН КӨБЕЙДІ?



Бұл оңтүстік өңірде жарық тапшылығын болдырмауға ықпал етеді. 220 кВ электр желілері «KEGOC» компаниясының меншігінде. Ал Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы Қызылорда қаласын 35 кВ электр желілері мен 35/10 кВ қосалқы станциялары арқылы электр энергиясымен қамтамасыз етіп отыр, – деді «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ-ның оналту басқарушысы Бауыржан Жантасов.

Тозғыр жеткен нысандарды ауыстыру, жаңалау бағытында компанияның инвестициялық бағдарламасы аясында және облыстық бюджет есебінен жұмыс атқарылып жатыр.

– Қаланың «Жаңа базар», ГОВД, «Универсам», Орталық алаң, Арсенал, «Болашақ» шағын аудандарына ортақ қосалқы станцияның жүктемесін бөлу мақсатында қосымша қуаттылығы 6 300 кВА Т-3 күштік трансформатор орнатылды. Әл. Фараби, Комсомол, Шанхай, Қорқыт ата, КБІ шағын аудандарының орталық тарату пунктіннің жүктемесін электр қосалқы станциядан екіншісіне ауыстыру үшін 3 шақырым 10 кВ кабель желісі тартылып, қосылды. Тасбөгет кентіндегі орталық тарату пунктіннің әуе желісі өткен ғасырдың 70-жылдары салынған, әбден тозып тұрған болатын. Өткізу қабілетін арттыру мақсатында оның 1,2 шақырымын 10 кВ кабель желісіне ауыстырдық, – деді Бауыржан Жантасов.

Ауа райының өзгеруіне байланысты кейбір электр қондырғылары мен желілерінің қызуынан ақаулар орын алды. Дегенмен, компания мамандары оны дер кезінде қалпына келтіріп жатыр. Осының арқасында электр энергиясының тапшылығы сейілді.

Тірішілік нөріне сұраныстың артуы «Қызылорда су жүйесі» МКК жұмысына сын болды. Мекеме директоры Жасұлан Абатовтың айтуынша, 13-19 шілде аралығында қала халқы тәулігіне 104 мың текше метрге дейін су тұтынған.

– Бір аптада қала тұрғындарынан диспетчерлік қызмет пен 109 нөмірлі бірыңғай байланыс орталығына 120 1-бөт

өтініш түскен. Оның 84-і ауызсу, 36-сы көрізсу жүйесіне қатысты. Мекемеде күнделікті таңғы сағат 8-ден кешкі сағат 6-ға дейін 5 бригада қызмет көрсетеді. Одан бөлек апатқа байланысты диспетчерлік қызмет үзіссіз өтініш қабылдайды. Дегенмен, біз алгоритмге сәйкес магистральді құбырдағы ақауды қалпына келтіруге басымдық береміз, – дейді ол.

Есепті кезеңде электр энергиясының үзілуі себепті 6 магистральді желіде ақау анықталған. Мысалы, 19 шілдеде Асфендияров көшесінің тұрғындары су қысымының төмендеуіне қатысты шағымданған. Мән-жайды зерттеу кезінде әл. Фараби шағын ауданының тұрғындары өз қаражаты есебінен ауызсу құбырын тартып, оны орталық желіге қосқаны анықталды. Желі бастапқыда бір тұрғын үйге арнап тартылса, кейін тұтас көшенің сұранысын жауып отырған. Соның салдарынан желінің су өткізуге шамасы жетпей, қысым төмендеген. Жұмысшылар резервті-дизельді қондырғылардың көмегімен ақауды 15 минут ішінде қалпына келтіргенімен, ауыз-судың толық берілуі 45 минутқа дейін уақыт алады. Осы аралықта желіде қысым төмендейді. Ал су құбырлары мен резервуарларын қайтадан толтыруға біраз уақыт керек. Халықтың суды ұзақ күтетін себебі де осында екен.

Жаз басталысымен ауызсуы бақша суарып, аулаға себу үшін де пайдалану жағдайы жылда күрделендіреді.

– Шілде айының басынан бері халыққа тәулігіне 92 мың текше метр су таратып отырмыз. Бұл көрсеткіш қыс мезгіліне қарағанда екі есе артты. Негізгі халық санына қарай орташа есеппен 50 мың текше метр су жеткілікті. Алайда кейде жазда су пайдалану көрсеткіші 110 мың текше метрге дейін жетеді. Тұтынушыларға ауызсуды өзге мақсатқа пайдалануға мүлдем болмайтынын түсіндіріп, рейд ұйымдастырып тұрамыз, – дейді Жасұлан Абатов.

Қалаға күнделікті 89 жерасты ұңғыма мен Сырдария өзенінен 92 мың текше метр ауызсу беріліп отыр.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНЕН ТЫС ЖЕРДЕ ДАУЫС БЕРУ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Денсаулық жағдайына, отбасының сырқат мүшесіне күтім жасау себебіне, сондай-ақ сайлау учаскелері құрылмаған шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда болуына байланысты дауыс беру күні сайлау учаскесіне келе алмайтын Қазақстан Республикасының азаматтары дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруге құқылы.

Ол үшін сайлаушы дауыс беру күні (2026 жылғы 23 тамыз) жергілікті уақытпен сағат 12:00-ден кешіктірмей, өзінің тіркелген аумағындағы учаскелік сайлау комиссиясына барып, болатын жері бойынша дауыс беруді ұйымдастыру туралы жазбаша өтініш қалдыруы қажет.

Дауыс беру күні учаскелік сайлау комиссиясының мүшесі берілген өтініш негізінде және жеке басын куәландыратын құжатты ұсынғаннан кейін сайлаушыға дауыс беруге арналған бюллетень береді. Дауыс беруге арналған бюл-

летенді алу фактісі өтініште сайлаушының қолымен куәландырылады.

Учаскелік сайлау комиссиясының бюллетенді берген мүшесі оған өзінің қолын қояды, сондай-ақ сайлаушының өтінішіне қол қояды. Дауыс беруді өткізу кезінде сайлаушының ерік биліруі құпиясының міндетті сақталуы қамтамасыз етіледі.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы

2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМІ БАР КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУҒА АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ ТАПСЫРЫСЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2026-2027 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда облысы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

М.ЕРГЕШБАЕВ

2026 жылғы «__» _____ № _____ қаулысына қосымша

2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМІ БАР КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУҒА АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ ТАПСЫРЫСЫ

№	Коды	Атауы	2026-2027 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі	Оқу жылына 1 студентті күндізгі оқытуға жұмсалатын орташа шығыстар (теңге)	
				Ерекше мәртебесі бар жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары	Басқа жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары
1.	7R09	Денсаулық сақтау (медицина)	20	1 939,9	1 811,3

ХАБАРЛАНДЫРУ	ОБЪЯВЛЕНИЕ
«Baiken-U» ЖШС «Харасан-2 учаскесін және Солтүстік Харасан уәзір кен орнының оңтүстік-шығыс капиталын игеру жоспары (өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып)» жобасы, соның ішінде қоршаған ортаға әсер етуге рұқсат алуға қажетті материалдар (КОӘБ, ПРТ, КОЖ, ОКЖ, ОЭБ) бойынша қоғамдық тыңдаулардың өтетінін хабарлайды. Ұсынылып отырған қызмет Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданындағы Байкенеж ауылының аумағына әсер етуі мүмкін. Қызмет жүргізілетін орын мен әсер ету аймағының географиялық координаттары: солтүстік ендіктің 43°34' - 43°50' және шығыс бойлықтың 66°47' - 66°57'. Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 27 тамызда сағат 11:00-де өтеді. Қатысушыларды тіркеу сағат 10:00-де басталады, ал тыңдаулар сағат 11:00-де басталады. Өтетін орыны: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Байкенеж ауылы, Калкоз Сіргебайұлы көшесі, 5-үй, Мәдениет үйі. Ашық жиынның ұзақтығы қатысушылардың шешімімен қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін. Тыңдаулар гибриді форматта – ашық жиналыс және бейнеконференция арқылы өткізіледі. Қатысқан қатысу үшін Zoom платформасы пайдаланылады. Қосылуда арналған сілтеме https://us05web.zoom.us/j/89460191450. Жиналыс идентификаторы: 370 206 0689. Құпиясөз: 8SC5yz. Жоба бастамашысы: «Baiken-U» ЖШС (БСН 060340009857). Заңды мекенжайы: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Байкенеж ауылы, Калкоз Сіргебайұлы көшесі, 1В үйі. Тел.: 8 (7242) 55-11-40. E-mail: info@baiken-u.kazatomprom.kz. Веб-сайт: https://baiken-u.kazatomprom.kz/ru. Құжаттама ны әзірлеуші: «Жоғары технологиялар институты» ЖШС (БСН 020240001938). Мекенжайы: Алматы қ., Бөгенбай батыр көшесі, 168. Тел.: +7 (702) 612-77-38. E-mail: y.nikitina@iht.kazatomprom.kz. Құжаттамамен қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның https://ndbecology.gov.kz/ ақпараттық жүйесінде, сондай-ақ Қызылорда облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat веб-сайтында танысуға болады. Мүдделі жұртшылық өкілдері жобаға қатысты өз пікірлері мен ұсыныстарын тыңдаулар өтетін күнге дейін кемінде үш жұмыс күні бұрын (2026 жылғы 20 тамызды қоса алғанда) электрондық немесе қағаз түрінде ұсына алады. Пікірлер ақпараттық жүйе (https://ndbecology.gov.kz/) арқылы немесе жергілікті атқарушы органның мекенжайы бойынша қабылданады: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 1-үй; электрондық пошта: prd@korda.gov.kz. Тел.: 8 (7242) 60-53-62, 60-53-69.	ТОО «Baiken-U» сообщает о проведении общественных слушаний по объекту: «Проект разработки участка Харасан-2 и юго-восточного фланга месторождения урана северный Харасан (внесение изменений и дополнений)» с материалами на получение экологического разрешения на воздействие (РООС, НДВ, ПУО, ПМ, ПЭК). Намечаемая деятельность может оказать воздействие на территорию села Байкенеж Жаңақорғанского района Кызылординской области. Географические координаты участка: наложение экологического и территориального воздействия: 43°34' - 43°50' с.ш., 66°47' - 66°57' в.д. Общественные слушания состоятся 27 августа 2026 года в 11:00. Регистрация участников начинается в 10:00, начало слушаний – в 11:00. Место проведения: Кызылординская область, Жаңақорғанский район, с. Байкенеж, ул. Калкоз Сіргебайұлы, д. 5, здание Дома культуры. Для проведения открытого собрания может быть пролен до пяти последовательных рабочих дней по решению участников. Слушания проводятся в смешанном формате: в форме открытого собрания и посредством видеоконференции. Для дистанционного участия используется платформа Zoom. Ссылка на подключение: https://us05web.zoom.us/j/89460191450 Идентификатор конференции: 370 206 0689 Код доступа: 8SC5yz Инициатор деятельности: ТОО «Baiken-U» (БИН 060340009857). Юридический адрес: Кызылординская обл., Жаңақорғанский р-н, с. Байкенеж, ул. Калкоз Сіргебайұлы, 1В. Тел.: 8 (7242) 55-11-40. E-mail: info@baiken-u.kazatomprom.kz. Сайт: https://baiken-u.kazatomprom.kz/ru. Разработчик документации: ТОО «Институт высоких технологий» (БИН 020240001938). Адрес: г. Алматы, ул. Бөгенбай батыра, 168. Тел.: +7 (702) 612-77-38. E-mail: y.nikitina@iht.kazatomprom.kz. Документация для ознакомления размещена в Информационной системе уполномоченного органа в области охраны окружающей среды по адресу: https://ndbecology.gov.kz/, а также на интернет-ресурсе ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области»: https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat. Заинтересованная общественность может направить замечания и предложения к проекту в электронной или бумажной форме не позднее чем за три рабочих дня до даты проведения слушаний (до 20 августа 2026 года включительно). Замечания принимаются через Информационную систему (https://ndbecology.gov.kz/) или по адресу местного исполнительного органа: г. Кызылорда, ул. Бейбарыс Сұлтан, №1, e-mail: prd@korda.gov.kz. Тел.: 8 (7242) 60-53-62, 60-53-69.

ХАБАРЛАНДЫРУ	ОБЪЯВЛЕНИЕ
«ГАЛАЗ И КОМПАНИЯ» ЖШС Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес 26.08.2026 жылы сағат 10:30-да мына мекенжай бойынша: Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Теренөзек ауылдық округі, Теренөзек ауылы, Қонаев көшесі, 8, ашық жиналыс түрінде «Солтүстік-Батыс Қоныс кен орнын игеруді кеңейту 2026 жылға (Қызылорда облысы, Сырдария ауданы) жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. Әсер ету аумағының географиялық координаттары: Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, координаттары: 45°55' - 46°09' с.е. и 65°00' - 65°09' ш.б. ZOOM платформасы арқылы бейнеконференц-байланысқа қосылу үшін сілтеме: https://us06web.zoom.us/j/9840787984?pwd=n5SHacBy7CtvOWJdtlzHkmQoqFvIPG.1 Конференция идентификаторы: 984 078 7984 Калкетімділік коды: 123456 Бастамашы: «ГАЛАЗ И КОМПАНИЯ» ЖШС, БСН 050440000082, Қызылорда қ., Желтоқсан көшесі, 12, тел.: +7 7242 907 177, e-mail: kzo@kzpg.kz. Жобаны әзірлеуші: «KJS Project & Consulting» ЖШС, Ақтау қаласы, мкр-н 29 «А», 54 ғимарат, БСН 080440012170, e-mail: kjs_project@inbox.ru, тел.: +7 7292 203 542. Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпарат алуға болатын электрондық пошта және телефон нөмірі: asatybaldieva@gmail.com, 87019996764. Жоба құжаттамасы Ұлттық деректер банкі сайтында (ndbecology.gov.kz) және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсында орналастырылған: https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=ru. Жергілікті атқарушы органның электрондық және пошталық мекенжайы: «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ: 120003, Қызылорда облысы, Қызылорда қ., Сұлтан Бейбарыс көшесі, 1, e-mail: prd@vmail.kz, a.koszhanova@vmail.kz, тел.: 8 (7242) 60-53-69. Барлық ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей Ұлттық деректер банкі сайты (ndbecology.gov.kz) арқылы және prd@vmail.kz электрондық поштасына қабылданады.	ТОО «ГАЛАЗ И КОМПАНИЯ» в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК сообщает, что 26.08.2026 года 10:30 ч. по адресу: Кызылординская область, Сырдарьинский район, Теренозекский с.о., с.Теренозек, ул.Конаева 8, проводятся общественные слушания в формате открытого собрания к проекту «Расширение обустройства месторождения Северо-Западный Коньес 2026 года» (Кызылординская область, Сырдарьинский район)» с Разделом «Охрана окружающей среды». Географические координаты территории воздействия: Кызылординская область, Сырдарьинский район, координаты: 45°55' - 46°09' с.ш. и 65°00' - 65°09' в.д. Ссылка приглашения для подключения посредством видеоконференц-связи на платформе ZOOM: https://us06web.zoom.us/j/9840787984?pwd=n5SHacBy7CtvOWJdtlzHkmQoqFvIPG.1 Идентификатор конференции: 984 078 7984 Код доступа: 123456 Инициатор: ТОО «ГАЛАЗ И КОМПАНИЯ», БИН 050440000082, г.Кызылорда, ул.Желтоқсан, 12, тел.: +7 7242 907 177, e-mail: kzo@kzpg.kz. Разработчик: ТОО «KJS Project & Consulting», г.Ақтау, мкр-н 29 «А», зл. 54, БИН 080440012170, e-mail: kjs_project@inbox.ru, тел.: +7 7292 203 542. Электронный адрес и номер телефона, по которым можно получить дополнительную информацию о намераемой деятельности: asatybaldieva@gmail.com, 87019996764. Документация по проекту размещена на сайте НБД (ndbecology.gov.kz) и на официальном интернет-ресурсе местного исполнительного органа https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=ru. Электронный адрес и почтовый адрес местного исполнительного органа: КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования по Кызылординской области»: 120003, Кызылординская область, г. Кызылорда, ул. Сұлтан Бейбарыс, №1, e-mail: prd@vmail.kz, a.koszhanova@vmail.kz, тел.: 8 (7242) 60-53-69. Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайте НБД (ndbecology.gov.kz) и prd@vmail.kz.

/// МЕРЕЙ

АУЫЛ АҚЫНЫН АРДАҚТАДЫ

Сырдария ауданы Жетікөл аулында Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, Қазақстанның құрметті журналисі, қаламгер-ақын Кенжалы Ерімбетовтің 70 жас мерейтойына орай «Жырмен елін тербеткен» атты облыстық ақындар мүшайрасы өтті.

Шараның ашылуында ақынмен блич-сұхбат жүргізіліп, мектеп оқушылары жыр арнап, көпшілік шығармашылық көрмесімен танысты. Ал сахнада мерейтой иесіне «Сыр медиа» серіктестігінің директоры Марат Аралбаев облыс әкімінің құттықтау хатын, Сырдария аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Анар Қалдыбаева аудан әкімінің құттықтау хатын табыс етіп, сый-сияпат көрсетті.

Жетікөл ауылдық округінің әкімі Өмірбек Тоқпанбетов мерейтой иесіне шапан жауып, шынайы тілегін жеткізді.

Мүшайраға қатысушылар жетпіс жас иесінің образын жырмен сомдап, оған қоса өз өлеңдерін оқыды. Әдетте, айтысқа ғана арқа қоздыратын жұрт мүшайраның әсем әсерін сезініп, ақындарға кикулап қошемет жасады.

Нәтижесінде қызылордалық Ақжол Түменбай бірінші орынға, аралдық Айдар Сайлау екінші орынға лайық болды, шнелілік Бекжан Ержігіт пен жалағаштық Сәния Жақып үшінші орын жүлдесін бөлісті.

Бас жүлде алған Ақжол ақын «аңшыдан сыралғы, батырдан сауға» дегендей, бәйге байлау ата салтын жаңғыртып, алған жүлдесін жаңақорғандық жас ақын Ізбасар Әдбібековке беріп, көптің ықыласын иеленді.



Мүшайраға Қазақстан Жазушылар одағының мүшелері Мұхамеджан Нұрхан, Дүйсенбек Аяшұлы және Қазақстан Журналистер одағы облыстық филиалының төрағасы Қуат Шарабидинов қазылық жасады.

Ақындар ауыл тұрғындарына рухани демеу болып, шат-шадыман көңіл-күй сыйлады.

Шара соңында ауыл мешітінде ата-бабалар рухына ас беріліп, мерейтой иесі көпшілікке алғысын айтты.

«СБ» ақпарат

/// ТАБИҒАТ-ТӘНІР

«ТОРАҢҒЫНЫҢ ТҮБІНЕ ДЕМАЛУҒА БОЛМАЙДЫ»

«Тораңғының түбін де демалуға болмайды. Отқа жағуға, кесуге және тораңғы тоғайына мал жаюға болмайды». Үлкендердің осы сияқты тыйымдарының астарына үніліп көрдік пе? Этнограф-ғалым Тәттігүл Қартаеваның «Сыр-Арал этнографиясы» атты кітабында келтірілген деректерді оқырман назарына ұсынып отырмыз.

Тораңғы – теректер тұсысына жататын ағаш. Сыр өңірінде тораңғыл деп атайды. Тұзды және құмды суусыз шөлдерде табиғи жағдайда өсуге қабілетті бірден-бір биік дінгекті, жапырағы мол ағаш. Ол ауаның жылылығына, желдің күші мен ылғалдың тапшылығына қарамай тіршілік етеді. Құм тоқтатағын қасиетке ие. Халықтың тораңғы ағашын қасиетті, киелі санауымен байланысты бірнеше аңыз желісі қалыптасып, ел ішінде «адам-ағаш» танымына ие.

Аңыз бойынша тораңғы қыз бен жігіт екен. Ертеде бір қыз бен жігіт бір-біріне ғашық болып, ата-анасының қарсылығымен қосыла алмай, шөл далаға қашып, ағашқа айналып қосылыпты-мыс. Тораңғы дінінен көз жасап, ішін қызыл сөлге толтырады. Аңызға сәйкес сол қызыл сөл – тораңғының көз жасы. Оны еркек, ұрғашы деп бөліп қараған. Адам сияқты дем алады деп түбінде ұйықтауға тыйым салған.

Халық арасында тараған тағы бір аңыз бойынша, ертеде жаугершілік заманда тораңғыдан жасалған бесікке баланы жатқызып, қатты таңып байлап, Сырдария өзенімен агзызып жіберген. Тораңғы бесік жеңіл болады, суға батпай бетімен қалқып баланы келесі елді мекенге аман-есен жеткізеді. Тораңғының қасиеті мен баланың періштесі бірге үйлеседі. Осылайша аман қалып ұрпағын сақтаған-мыс.

Тағы бір аңыз желісінде Қорқыттың қобызы тораңғыдан шабылған. Асан қайғының саяғы, асатаяғы тораңғыдан болған, түйеге мініп жерұйықты іздерде жерге асысын шаңшып кетеді, содан Сырдың бойында тораңғы көбейеді.

Бұл ағаштың ерте кезден өсетінін қариялар ғұндар заманынан бар, ал қалжыңмен жауап берсе «атамын бала күнінде болған», «мыстан кемпірмен құрдас» деп түсіндіреді.

Қасиетті саналуының тағы бір қыры – тораңғы мен құс арасындағы байланыста. Тораңғы ұя – тораңғы басына өзінің майда бұтақтарынан салынған құс ұясы. Сыр қазактары арасында «тораңғының басына құс ұя салмайды» деген сөз тараған, бұл тораңғының басына құстар басқа ағаш, тал-шыбықтан ұя салмайды дегенді білдіреді. Екеуі бейнебір бір-бірімен сөйлесіп, басына мекендеуге келетін құсқа тек өз бұтағының сынығынан ұя салуға рұқсат беретіндей.

Халық тораңғыны қанайтын ағаш деп сипаттайды. Белгілі бір



Фото ашық дереккөзінен

тораңғы сөлі мұздай болады, қыста қатпайды. Сөлдің түсі қызыл болғанымен, тұзды келеді.

Тораңғы ағашының кейбірі белгілі бір жасқа жеткенде өз дінінің ішінен қуыс жасаған. Сыр өңірінің Қызылқайың елді мекенінде басқа ағаш түрінің тапшылығына байланысты тораңғыл ағашын тұрмысқа, шаруашылыққа пайдалану үшін кесу қалыптасқан. Ақпан айында суықтан қатып тұрған кезінде қажетіне жарататынын ғана Құран оқып кескен. Алладан тораңғыны кесуге рұқсат сұраған.

Тұрмыста, шаруашылықта қолданысына қарай тораңғыл шаңырақ, тораңғыл келі, тораңғыл күбі, тораңғыл ер, тораңғыл бесік, тораңғыл астау, тораңғыл аса, тораңғыл тез, тораңғыл қада, тораңғыл қора, тораңғыл қос, тораңғыл қоршау, тораңғыл құдық, тораңғыл ұя, тораңғыл қайық, тораңғыл қан, тораңғыл су, тораңғыл белағаш, тораңғыл кесексап сөздері қалыптасқан.

Тораңғыл ағашын шабарда балғамен ұрып көрген, даусы

тыңқылдап шыкса, демек діні тығыз. Ал күңгірлеген дауыс шыкса, онда іші қуыс, оны айран пісетін, май шайқайтын күбі, ет тартатын ағаш астау жасауға кескен. Шабылған тораңғы дінінің қабығын аршып алып, жер суық кезде құмға кемі алты ай көміп тастаған. Бұл әдісті құмға пісіру дейді. Қабығы аршылған тораңғы одан сайын берік болып, діні қатып, қабығы аршылған соң құрт-құмырсқа да түспеген.

Дінінен дән түйетін келі, киіз үй шаңырағының шеңберін, күлдіреуішін жасап, ер қосқан.

Айран пісетін күбіні ортасы табиғи қуыс тораңғыдан жасап, темірмен құрсаулаған. Ортасында табиғи қуысы барын қабығын аршып, құмға пісіріп алған соң ішкі ойығын екі жақ қуысынан алма-кезек сүргілеп, жонып-тегістеп түбінің ішкі ойығы көлемін өлшеп, бүтін кесіндісін салып, темірмен қатты етіп қысып құрсаулап тастайды. Піспегенін басын ауыр тарту үшін жиде бұтағынан жасаған. Тал, жиде шыбықтарынан құрастырған күбімен салыстырғанда жеңілдеу келеді.

Жергілікті ағашшылар дінін киіз үйдің шаңырағын жасауға қолданған, ал уығы мен керегелеріне тал бұтақтарын қолданған. Бұл өңірде тораңғылдың тек шаңыраққа тандалуы оның беріктігімен және қасиетті саналуымен байланысты. Бұтақтары түзу, ұзын болмайды, қысқа әрі ирелендеп өскендіктен шаңырақтың шеңбері мен күлдіреуішіне кесуге ыңғайлы, ал уық, кереге жасауға қолайсыз, сондықтан Қызылқайыңда тораңғыдан киіз үйдің шаңырағын ғана соққан.

Кесілген тораңғыл ағашы бұтақтарының ірілерін қабығын аршып, кесіп мал қораға қада-баған қанға, жертөле, жерпекке үйлерінің ұстынын қауға, итарқасын жабуға пайдаланған.

Ертеде Қызылқұмда қыстауда отырған қазактар құмтөбеден дауыл тұрғанда құмның сусылдап көшуінің алдын алу, құмды тоқтату үшін тораңғыл мен сексеуіл бұтақтарын кіріктіре отырып, қоршау жасаған.

Желден өздігінен сынып түскен немесе тұрмыстық қажет үшін кесілген тораңғы ағашының бұтағын өңдеп, емші-бақсылар аса ретінде қолданған. Дертке шалдыққан адамдардың ауруын көшірген, арқа қаққан, тамыр нүктесін басқан. Асаны сермеп, зікір салуға қолданған. Жергілікті ахун, мақсым, ишандар Аллаға мадақ айтып, зікір салғанда да тораңғыл асаны қолданған деген дерек халық арасында әлі кездеседі.

Тораңғы белағаш кесене, зираттардың ұстынына, іргетасына салынған, күйдірілген қышпен немесе шикі кірпішпен қоса өрілген. Құрылысқа белағаш ретінде тандалған дінді де қабығынан аршып, құмға пісіріп, қатырып алғаннан кейін салған. Пісірілген тораңғы кесенемен бірге ұзақ жыл тұрған.

Бүгінде бұл ағаш қорғауға алынып, тоғай мен жеке-дара өсетін тораңғыларды кесу тоқтағанымен, басқа ағаштың тапшылығына орай қада-баған үшін дінін емес, бұтағын кесіп алу немесе жас тораңғының дінін рұқсат алып кесу кездеседі. Оны «құмға пісіріп» өңдеп, тұрмыстық бұйым жасау әдісін меңгерген шеберлер бүгінде қалмаған.

ФУТБОЛ: ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНА АПАРАР ЖОЛ ҚАЙСЫ?

БІРНЕШЕ КӨШБАСШЫ – ТОЛЫҚ ҚҰРАМ ЕМЕС

С. Максұтов екінші айырмашылықты футболшылардың жеке деңгейі мен құрамның тереңдігінен көреді. Өзбекстанда Абдукоидир Хусанов, Элдор Шомуродов және Аббосбек Файзуллаев секілді халықаралық ортада шыңдалған ойыншылар бар.

Қазақстанда Нұралы Әліп, Максим Самородов, Ғалымжан Кенжебек, Ислам Чесноков, Дастан Сәтпаев секілді қабілетті футболшылар бар. Бірақ олардың бірін дәл сондай деңгейдегі адаммен алмастыру қиын. Құрамның тереңдегі деген – осы. Мықты ойыншының орын құрамда алмастыратын және басқалары болуы тиіс. Сонда ғана алға жылжиды.

– Бельгия мен Уэльстің негізгі ойыншылары күшті еуропалық чемпионаттарда өнер көрсетеді. Қазақстанда төрт-бес футболшыға тым үлкен салмақ түседі. Бір позицияда кем дегенде екі сапалы ойыншы болмайынша, ұзақ іріктеуде тұрақты нәтиже көрсету қиын, – дейді С.Максұтов.

Сарапшы сырт алаңдағы ойынды да шешуші мәселе деп есептейді. Қазақстан өз жерінде фаворитке қарсылық көрсете алады. Бірақ жолдама Астанадағы бір-екі эмоциялық матчпен алынбайды. Ұлттық құрама түзде қысымға төтеп беріп, тең ойында кем дегенде бір ұпайды сақтай білуі тиіс. Қазақстан Еуропаның орта белдеуіндегі құрамаларға жақындамайынша, Әлем чемпионаты туралы әңгіме ұран күйінде қала береді.

ӨЗБЕКСТАН ТЕК КВОТАМЕН ШЫҚҚАН ЖОҚ

Өзбекстанның жетістігін «Азия әлсіз болғандықтан шықты» деп түсіндіру көрші елдегі көпжылдық жұмысты елемегендік болар еді. Азия футбол конфедерациясы Өзбекстан футбол қауымдастығының жастарды даярлау жүйесіне үш жылдызды мәртебесін ұзартты. Оның нәтижесі ретінде 2025 жылғы 20 жасқа дейінгі Азия кубогындағы жеңіс пен Олимпиадаға алғаш рет жолдама алу аталды. Отандық футбол сарапшысы Эрик Тенізбаев Өзбекстан табысының іргетасы ұлттық құраманың жетістігінен әлдеқайда ерте қаланғанын айтады.

– Өзбекстан инфрақұрылым салды: заманауи стадиондар, жаттығу базалары және өзге де нысандар пайда болды. Қазақстанға жана аренаармен қатар жабық манеждер қажет. Біздің климатымызда балалар суық мезгілде де жаттығуын тоқтатпауы тиіс. Балалар мен жасөспірімдер футболы – кез келген табыстың негізі, – дейді Э. Тенізбаев.

Мәселе тек үлкен стадионда емес. Балаға қолжетімді алаң, қысқы манеж, білікті жаттықтырушы және тұрақты жарыс қажет. Нысанның күн сайын қалай жұмыс істейтіні маңызды. Тенізбаев атаған келесі бағыт – ішкі біріншіліктің сапасы.

– Қазақстан чемпионаты күшті болуы керек. Сапалы легионерлер келсе, жергілікті футболшылардың бәсекесі артады. Күшті қарсыласпен күн сайын таласқан ойыншы ғана өседі. Сондықтан жасанды шектеулер мәселені шешпейді. Әлсіз шетелдікке жол бермей, шын мәнінде деңгейі жоғары футболшыны әкелу қажет, – дейді сарапшы.

Жергілікті ойыншыға алаңдағы орынды әкімшілік шешіммен кепілдендіру шеберлікті өсірмейді. Қазақстандық футболшы негізгі құрамдағы орнын бәсекемен жеңіп алуы тиіс. Э. Тенізбаев қазақстандықтардың шетелге көбірек шығуы ұлттық құрамаға тікелей пайда береді деп есептейді. Жоғары қарқынға және кәсіби талапқа бейімделген футболшы құрамаға дайын күйінде келеді. Бір танымал трансфер жүйенің көрсеткіші емес. Қазақстан жыл сайын бірнеше жас ойыншысын Еуропаның бәсекелі чемпионаттарына шығара бастағанда ғана нақты өзгеріс сезіледі.

Қазақстан футболының тағы бір осал тұсы – клубтардың бюджетке тәуелділігі. Қаржы бөлінген кезде команда өмір сүреді, ақша азайса, жоба тұралайды. Мұндай модель академия салуға, жанкүйер базасын қалыптастыруға және коммерциялық стратегия жасауға ынталандырмайды.

– Клубтарды акционерлеу, жеке инвесторлардың санын көбейту қажет.

Инвестор өз клубын, академиясын және брендін дамытады. Коммерцияландыру телевизиялық құқықты, маркетингті, демеушілермен жұмысты және билет сатуды қамтуы керек. Велосипед ойлап табудың қажеті жоқ. Еуропа мен Америкадағы жұмыс істеп тұрған үлгілерді бейімдеу қажет, – дейді Э. Тенізбаев.

Сарапшы АҚШ-та футбол лигасының коммерциялық өнімге айналғанын мысал етеді. Ортақ бренд, сапалы телетрансляция, ыңғайлы күнтізбе және жанкүйермен байланыс бір жүйеде жұмыс істеуі тиіс. Коммерциялық тартымдылық артса, футболға пайда табуға және бедел қалыптастыруға мүдделі бизнес болады.

АКАДЕМИЯ АТАУЫ НӘТИЖЕ ЕМЕС

Қазақстанда клуб академиялары және танымал еуропалық брендтердің бағдарламалары көбейді. Бірақ академия саны сапалы ойыншыға кепіл емес. Жаттықтырушылардың біліктілігі, балалардың ойын тәжірибесі және кәсіби футболға өту жолы бақылануы қажет. Эрик Тенізбаевтың пікірінше, Қазақстан футбол федерациясы ортақ бағытты үйлестіріп, өңірлік федерациялар сол саясатты жергілікті жерде жүзеге асыруы керек.

– Қазір бұл жұмыс барлық жерде бірдей жүріп жатқан жоқ. Баланың дамуы оның тұрғылықты жеріне немесе белгілі бір басшының белсенділігіне тәуелді болмауы тиіс. Академиялар көбейген сайын құрама бапкерлерінің тандауы да кенейеді, – дейді ол.

Бірақ сан сапаға айналуы үшін балалар арасындағы тұрақты чемпионат, ашық селекция және жас футболшының ересектер құрамына өту тетігі керек. Әйтпесе академия жарнамалық маңдайша болып қалады.

64 КОМАНДА ЖОЛДЫ АША МА?

2026 жылғы турнирден кейін Әлем чемпионатын 64 құрамаға дейін ұлғайту мүмкіндігі қайта талқылана басталды. Алайда бұл әзірге қабылданған ресми шешім емес. ФИФА президенті Джанни Инфантино мұндай идея қарастыруы мүмкін екенін айтқанымен, УЕФА мен Азия футбол конфедерациясының басшылары кенеюге қарсылық білдірді. Ұсыныс қабылданса, турнир 128 матчқа дейін өсуі ықтимал.

– Қазақстандық ретінде құрамалар санын көбейтуді қолдаймын. Бұл бізге нақты мүмкіндік береді. Бірақ квота өсті екен деп өздігінен Әлем чемпионатына шығып кетпейміз. Оған дейін балалар футболын, инфрақұрылымды, жаттықтырушыларды, чемпионатты және коммерцияландыруды дамытуымыз керек, – дейді Э. Тенізбаев.

Сұнағат Максұтов та кеңейтілген формат жолды жеңілдетуі мүмкін екенін жокқа шығармайды. Дегенмен Еуропаға қосымша орын берілген күннің өзінде Қазақстан ортабелдеудегі командалармен таласады. Квота мүмкіндікті арттыруы мүмкін, бірақ қазіргі деңгей жолдаманы кепілдендірмейді.

ҚАЗАҚСТАНҒА КЕРЕГІ – ЖҮМЕ

Өзбекстан тәжірибесінің басты сабағы – тарихи нәтиже бір бапкердің немесе бір буынның кездейсоқ ерлігі емес. Инфрақұрылым, балалар футболы, ішкі бәсеке, шетелде шыңдалған ойыншылар, жеке инвестиция және федерацияның ортақ саясаты тоғысқанда ғана ұлттық құрама алға жылжиды.

Қазақстанның 2030 жылғы Әлем чемпионатына шығуға мүмкіндігі бар. Бірақ оған ұранмен емес, күн сайын атқарылатын жұмыспен жетуге болады. Балалар жаттықтырушыларының деңгейінен бастап барлық қажеттілікті қамту әлемдік бәсекеге жол ашады. Соның ішінде жас футболшылар шетелге ертерек шығуы тиіс.

Көрші ел есіктің ашық екенін дәлелдеді. Егер барлық үмітті квотаға, жеребеге және бір сәттік сенсацияға артсақ, 2030 жыл да кезекті өкінішпен аяқталуы мүмкін. Ал жүйе өзгертсе, Әлем чемпионаты орындамаса арман емес, нақты спорттық мақсатқа айналады.

Бағлан АМАНЖОЛ, «Сыр бойы»

f www.facebook.com/syrbойi_kz/

Меншік иесі



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

https://twitter.com/syrbойi

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АК» - ақилы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында тіреліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.